Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының
ХАТТАМАЛЫҚ ШЕШІМІ.

Тереңөзек кенті, **№** 12 **«** 24 **»** шілде **2026 жыл**

Қатысқандар: Т. Нұртазаев – аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы; Б. Мейрамбекұлы – аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы, төраға орынбасары; Г. Турлыбеков – аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі; А. Сәдуақасов – аудандық кәсіпкерлік,өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі; А. Есназар – Сырдария аудандық мәслихат депутаты, комиссия мүшесі; Н. Жұмабаев – «Н. Жұмабаев» шаруа қожалығының төрағасы, комиссия мүшесі; А. Мұханбетқалиқызы – «Тіршілік тынысы» газеті редакциясының бас редакторы, комиссия мүшесі; Б. Ильясов –Сырдария аудандық қоғамдық кеңес мүшесі, комиссия мүшесі; С. Құлмахан – «Атамекен» Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Сырдария ауданындағы филиалы өкілі, комиссия мүшесі; М. Айтмұханов – «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «Сырдариясушар» өндірістік учаскесінің басшысы, комиссия мүшесі; Б. Ұлтанбекұлы – аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау басшысы, комиссия мүшесі; Н. Курманалиев – А. Тоқмағанбетов ауылдық округінің әкімі, комиссия мүшесі; Ә. Маханбетов– А. Тоқмағанбетов ауылдық округі бойынша қоғамдастық өкілі, комиссия мүшесі; Р. Жамит – аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы.

Жер конкурсы өткен күні: «24» шілде 2026 жыл

Жер конкурсы өткен орны: Сырдария ауданы әкімі аппараты ғимаратының мәжіліс залы

Уақыты: 15-00

Конкурсты ұйымдастырушы: «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» КММ-і

Жер учаскесінің орналасқан жері: А. Тоқмағанбетов ауылдық округі жерінен (50 шақырым әрі) шалғынды алқап, әлсіз тұзданған топырақ (балл бонитет 18).

Жер учаскесіне құқығы: 20 (жиырма) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы.

Нысаналы мақсаты: Өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығын жүргізу үшін

Өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығын жүргізу үшін жалға беруге қойылған - 18ші лот бойынша жер учаскесін А. Тоқмағанбетов ауылдық округі жерінен жалпы көлемі –30,0 гектар, оның ішінде: жайылымдық – 23,0 гектар, басқа алқаптар – 7,0 гектар жер учаскелеріне жеке тұлға Тойшыбек Қанат Жақанұлы және жеке тұлға Жахан Жалғас Қанатұлы болып конкурстық өтінімдер берген.

Конкурстық өтінімдер ұсынған конверттердің ішінен 1-ші болып Тойшыбек Қанат Жақанұлының конкурстық өтінімі қаралды, 2-ші болып тұлға Жахан Жалғас Қанатұлының конкурстық өтінімі қаралды.

Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабының 9-тармақшасына сәйкес және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығының талаптарына Тойшыбек Қанат Жақанұлының

конкурс ережесіне сәйкес **ұсынылған құжаттары толық**, конкурстық ұсынымы (бизнес жоспар) әзірленген, инвестициялық соммасы бойынша 23 балл қойылды.

Жахан Жалғас Қанатұлының құжаттар топтамасы ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабының 9-тармақшасына сәйкес және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығының талаптарына сәйкес емес конкурс ережесіне сәйкес **ұсынылған құжаттары толық**, конкурстық ұсынымы (бизнес жоспар) әзірленген, инвестициялық соммасы бойынша 17 балл қойылды.

Жер кодексінің және конкурс ережесінің талаптарына сәйкес жоғары балл қойылған Тойшыбек Қанат Жақанұлының ұсынған құжаттар топтамасын қолдады.

Жер учаскелерін жалға беру конкурстарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі аудандық комиссия:

1. ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабы және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығының талаптарына сәйкес Тойшыбек Қанат Жақанұлы жеңімпаз деп танылсын.

Конкурс қорытындысы бойынша жасалған хаттама 2 (екі) дана болып толтырылып, конкурсты ұйымдастырушыға және өтініш иелеріне 1 (бір) данадан беріледі.

Комиссия төрағасы _____ **Т. Нұртазаев**

Комиссия төрағасы орынбасары _____ **Б. Мейрамбекұлы**

Комиссия мүшелері

_____ **Г. Турлыбеков**

_____ **А. Сәдуақасов**

_____ **А. Есназар**

_____ **Н. Жұмабаев**

_____ **А. Мұханбетқаликызы**

_____ **Б. Ильясов**

_____ **С. Құлмахан**

_____ **М. Айтмұханов**

_____ **Б. Ұлтанбекұлы**

_____ **Н. Курманалиев**

_____ **Ә. Маханбетов**

Комиссия хатшысы _____ **Р. Жамит**